

Арқалық қаласы Жаңақала ауылы аумағында орналасқан "Таққожа", "Талгатбек", "КРК" шаруа қожалықтарына шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Арқалық қаласы Жаңақала ауылы әкімінің 2019 жылғы 6 ақпандағы № 2 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 8 ақпанда № 8256 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы Жаңақала ауылы әкімінің 2019 жылғы 14 қарашадағы № 04 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Арқалық қаласы Жаңақала ауылы әкімінің 14.11.2019 № 04 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1 бабы 7) тармақшасына сәйкес, "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министірлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Арқалық қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің бас мемлекеттік ветеринариялық – санитариялық инспекторының 2018 жылғы 21 желтоқсандағы № 01-20/1167 ұсынысы негізінде Арқалық қаласы Жаңақала ауылы әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Арқалық қаласы Жаңақала ауылы аумағында орналасқан "Тоққожа", "Талгатбек", "КРК" шаруашылық қожалықтарында ірі қара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін

2. "Арқалық қаласы әкімдігінің ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министірлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Арқалық қалалық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министірлігі Қоғамдық денсаулық сақтау комитетінің Қостанай облысы қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің Арқалық қалалық қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізуге қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шаралар жүргізу ұсынылсын.

3. "Жаңақала ауылы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешім мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберілуін;

3) осы шешім ресми жариаланғанынан кейін Қостанай облысы Арқалық қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақала ауылы әкімі

Т. Байгукин

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Қоғамдық денсаулық сақтау
комитетінің Қостанай облысы
қоғамдық денсаулық сақтау
департаментінің Арқалық
қалалық қоғамдық денсаулық
сақтау басқармасы"
республикалық мемлекеттік
мекемесінің басшысы
_____ Б. Қорғанбекова

"6" ақпан 2019 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрлігі
Ветеринариялық бақылау және
қадағалау комитетінің Арқалық
қалалық аумақтық инспекциясы"
мемлекеттік мекемесінің басшысы
_____ Е. Канапин

"6" ақпан 2019 жыл

"КЕЛІСІЛДІ"

"Арқалық қаласы

әкімдігінің ветеринария
бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысы
_____ Қ. Бейсенов
"6" ақпан 2019 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК